

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



«БЕКІТЕМІН»


«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
КЕАҚ-ның Басқарма Төрағасы -
Ректор ма.

[Signature]
Г. Балықбаев
« 14 » _____ 2020 ж.

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PHD) ДӘРЕЖЕСІН БЕРУ
ТУРАЛЫ ӨЗІНДІК ҮЛГІДЕГІ ДИПЛОМ ТАБЫСТАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	Е ҚазҰПУ 5001-21	Бірінші	Баимбетова Г.А. <i>[Signature]</i>	Сахиев С.Қ. <i>[Signature]</i>	Сәтмырзаев А.А. <i>[Signature]</i>
				Жанбеков Х.Н. <i>[Signature]</i>	Нормо бақылау Жанбаева Л.А.
				Оразғали Ә.Д. <i>[Signature]</i>	<i>[Signature]</i>

Алматы, 2020 ж.

	КЕАҚ «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 14.12.2020	Басылым: бірінші
	Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өзіндік үлгідегі диплом табыстаудың ережесі	Е ҚазҰПУ 5001-21	Беті 2 , барлығы 4

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (одан әрі - Abai University, AU) философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өзіндік үлгідегі диплом табыстаудың ережесі (одан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 - III «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларына сәйкес әзірленді.

1.2 Ереже AU философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы дипломды (бұдан әрі - диплом), дипломның телнұсқасын ресімдеу және беру, сондай-ақ дипломды ауыстыру ережесін айқындайды.

2. ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PhD) ДӘРЕЖЕСІН БЕРУ ТУРАЛЫ ӨЗІНДІК ҮЛГІДЕГІ ДИПЛОМДАРДЫ ТАБЫСТАУ ТӘРТІБІ

2.1 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №512 бұйрығы философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы дипломдарды және олардың телнұсқаларын өз бетінше ресімдеу және беру үшін негіз болып табылады.

2.2 Диссертациялық кеңестің шешімі қабылданған күннен бастап AU 10 (он) жұмыс күні ішінде докторантқа дәреже беру туралы тиісті бұйрық шығарады. Ғылыми дәреже беру туралы акпарат бұйрық қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде AU интернет-ресурстарында орналастырылады.

2.3 Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі берілген тұлғаларға ректордың бұйрығымен жеке үлгідегі AU дипломы беріледі.

2.4 Дипломның бланкісі принтердің көмегімен (қара түсті шрифтпен) немесе қара тушпен қолмен каллиграфиялық жазумен қазақ және ағылшын тілдерінде толтырылады.


2.5 Дипломның бланкісі қолдан жасаудан қорғалған полиграфиялық өнімнің бланкілеріне қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

2.6 Дәреже берілген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы бұйрықтағы жазбаға сәйкес диплом бланкісіне енгізіледі.

2.7 Дипломға диссертациялық кеңестің төрағасы, ғалым хатшы және университет ректоры қол қояды. Қол қою көк сиямен, көк пастамен немесе көк түсті тушпен қойылады және университеттің елтаңбалы мөрімен расталады.

2.8 Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінде (студенттік офис) берілетін дипломдарды және олардың телнұсқаларын тіркеу үшін журнал жүргізіледі, онда төмендегідей деректер жазылады:

- 1) реттік нөмірі;
- 2) дәреже берілген адамның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);
- 3) дипломның сериясы мен нөмірі;

	КЕАҚ «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 14.12.2020	Басылым: бірінші
	Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өзіндік үлгідегі диплом табыстаудың ережесі	Е ҚазҰПУ 5001-21	Беті 3 , барлығы 4

- 4) мамандық шифры / дайындық бағыттары;
- 5) диссертациялық кеңестің атауы;
- 6) философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы бұйрықтың күні және нөмірі;
- 7) дипломның берілген, дипломның телнұсқасының берілген, дипломның ауыстырылған күні;
- 8) диплом берген лауазымды тұлғаның қолы;
- 9) диплом алған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы.

2.9 Диплом PhD докторантқа АУ Ғылыми кеңесінің отырысында жеке беріледі. Құжатты жеке өзі алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ол үшінші тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ресімделген сенімхат бойынша беріледі.

3. ЖЕКЕ ҮЛГІДЕГІ ДИПЛОМНЫҢ ТЕЛНҰСҚАЛАРЫН БЕРУ ТӘРТІБІ


3.1 Дипломның телнұсқасы а) диплом жоғалған немесе бүлінген жағдайда; б) дәреже берілген адамдарға дипломда көрсетілген құжатты алғаннан кейін қателер табылған жағдайда; в) тегі және (немесе) аты және (немесе) әкесінің аты өзгерген жағдайда берілуі мүмкін.

3.2 Философия докторы (PhD) дипломының телнұсқасын алу үшін жеке тұлға осы Ережедегі 1-қосымшаға сәйкес АУ Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш жазады.

3.3 Қатемен толтырылған диплом бланкісі бүлінген болып есептеледі және ауыстыруға жатады. Толтыру кезінде бүлінген диплом бланкілері актіленеді және белгіленген тәртіппен жойылады.

3.4 Дипломдарды беруді тіркеу журналында жарамсыз деп танылатын құжатқа қатысты бағанға көк шарикті қаламмен барлық жолдан кейін сызық қойылады және дипломды беру туралы жаңа жазбаның орналасқан жерін көрсететін жазба белгілі бір тіркеу нөмірінен кейін жазылады. Көрсетілген нөмірден кейін дипломдарды тіркеу журналында тізбесі осы Тәртіптің 10-тармағында айқындалған деректерді қамтитын жаңа жазба жасалады.

3.5 Берілген дипломдар мен олардың телнұсқаларын тіркеу журналдары түптеледі, елтаңбалы мөрмен бекітіледі және қатаң есептілік құжаттары ретінде сақталады (тұрақты).

	КЕАҚ «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»	Күні: 14.12.2020	Басылым: бірінші
	Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өзіндік үлгідегі диплом табыстаудың ережесі	Е ҚазҰПУ 5001-21	Беті 4 , барлығы 4

1-қосымша

 / ҚазҰПУ-нің Басқарма Төрағасы-
 Ректорының тегі,
 аты, әкесінің аты (бар болған
 жағдайда) толық/

 /мамандығы (білім беру
 бағдарламасы) бойынша/

 /ЖОО атауы, бітірген жылы/

 /тегі, аты, әкесінің аты (бар
 болған жағдайда) толық/

 /тегі, аты, әкесінің аты (бар
 болған жағдайда) ағылшын
 тілінде толық/

 /тегі, аты, әкесінің аты (бар
 болған жағдайда) өзгерген
 жағдайда/

 /көрсетілетін қызметті
 алушының байланыс деректері/

 /ЖОО атауы және мекенжайы,
 өзгерген жағдайда/

Өтініш

Маған _____

 /себебін көрсету/

байланысты дипломның телнұсқасын (дипломның телнұсқасын қосымшасымен бірге, дипломның телнұсқасын, қосымшаның телнұсқасын) беруіңізді сұраймын.

" ____ " _____ 20 __ ж.

 /қолы/

Ескертпе: Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес баспа әріптермен толтырылады